

«Бал-бөбек» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Bo



«Бал-бөбек» бөбекжай балабақшасының  
2022-2023 оқу жылына арналған Меңгеруші  
жанындағы кеңестің хаттамалары.

## Шұбарсу елді мекені

2022-2023 оқу жылы

# **Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС**

**2022-2023 оқу жылындағы меңгеруші жанындағы кеңес**

## **ХАТТАМАСЫ №1**

**17.10.2022 жыл**

**Қатысқаны-10**

### **Күн тәртібі**

1. Жаңа бағдарламаны іске асыру бойынша топтардағы дамытушы ортаны жабдықтау және толықтыру
2. Топтардағы күн тәртібіндегі бала денсаулығын нығайту, серуен кезіндегі жарақаттанбау шараларын орындау.
3. «Алтын күз» мерекесінің өту барысын қорытындылау.

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова сөз алды. Әріптестер өздеріңіз білесіздер биылғы оқу жылында көптеген өзгерістердің болғанын атап өтетін болсам Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 03.08.2022ж күнгі №348 бұйрығының бірінші қосымшасымен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарттарын беіту туралы» стандарты, 09.09.2022 ж күнгі №394 бұйрығының бірінші қосымшасымен «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары», 14.10.2022 ж күнгі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бекітілді. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады, ал міндеттері мектеп дасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығымен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістіктік ортаны оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығымен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың

мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады, жоғарыдағы аталған міндеттерді ескере отырып жаңа бағдарламаны іске асыру бойынша топтардағы дамытушы ортаны жабдықтау және толықтыру жұмыстарын толықтырып жасауымыз қажет деді.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі ..... мектеп жасына дейінгі балаларды дене жағынан тәрбиелеудегі жұмыстың мәнді жағы-тұлғаны қалыптастыру. Сонымен қатар денсаулығын нығайту үшін дене тәрбиесінің және серуеннің алатын орны ерекше. Серуен мен дене жаттығлары балалардың ақыл-ойын адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және белсенді болуларына ықпал етеді. Дене шынықтыру балаларды үйлесімді дамытып жетілдіреді, денсаулығын сақтап нығайтады. Дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл-қозғалыс қабілеттерінің негізін салып, оларды өмірде белсенді болуға, елін қорғауға дайындайды. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Серуенге шығар алдында балаларға тұрақты түсіндірме жұмысын жүргізу керек.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Алтын күз» мерекесінің өту барысын қорытындылау бойынша балабақша меңгерушісі С.Сағынбек сөз алып балабақшада мерекені өткізуге қатысқан мамандар мен ата аналарға алғыс айтудан бастап, қатысушы бүлдіршіндерді марапаттады. Жоғарыда айтылған мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Жаңа бағдарламаны іске асыру бойынша топтардағы дамытушы ортаны жабдықтау және толықтыру жұмыстары одан ары жалғастырылсын.
2. Топтардағы күн тәртібіндегі бала денсаулығын нығайту, серуен кезіндегі жарақаттанбау шараларын орындау жұмыстары күн тәртібінен түсірілмесін.
3. «Алтын күз» мерекесінің өткізілуі жақсы деп бағалансын.

Меңгеруші:

Хатшы:

С.У.Сағынбек

Б.М.Сейткеримова



# Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС

2022-2023 оқу жылындағы меңгеруші жанындағы кеңес

## ХАТТАМАСЫ №2

21.12.2022 жыл

Қатысқаны-10

### Күн тәртібі

1. Көркем әдебиет арқылы баланы таза сөйлеуге жаттықтыру.
2. Жаңа бағдарлама бойынша педагог мамандардың жұмысының нәтижесіне талдау жасау.
3. Балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторингін жаңа форматта әзірлеуге дайындық.
4. 2023 жылы кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өту кестесімен ұжымды таныстыру және оған дайындық жұмыстарын жүргізу туралы

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова сөз алып, тіл - қоғамдағы адамдардың бір - бірімен пікір алысып, қарым - қатынас жасайтын құралы. Таза мәнерлі тіл – бұл ойлау жемісі. Баланы көркем әдебиет арқылы таза әрі дұрыс сөйлеуге үйрет Олай болса тіл адам баласы қоғамымен бірге туып, өмір сүріп, өміз. Балабақшада тәрбие жұмыстарының басты мақсаттарының бірі - баланың тілін ұстартып, жақсы әрі таза сөйлей білуге үйрету. Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту жұмысы балабақшада көркем әдебиетті пайдалану арқылы жүргізіледі. Мектеп жасына дейінгі баланың тағы бір ерекшелігі – олардың еліктеу, қиялдау қабілетінің басым болуы. Сол себепті әрбір ата - ана, тәрбиеші баланың қойған сұрақтарына үнемі, дұрыс жауап берулері керек. Баланың тілін дамытуда мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Балаларға жасына қарай көркем әдебиет шығармаларын мазмұнын айтқызу, мақал - мәтел айту, жұмбақтар жасыру сияқты жұмыстарды да жүргізуге болады. Жұмбақ жаттау кезінде балалар өзінің білім дәрежесін байқап, көп білуге талпынады, ынта – жігері артып, жауапкершілікті сезінеді. Мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыту мәселесі жаңа бағдарлама бойынша осы бағытта белгіленген. Алайда әлі оқи, жаза білмейтін балаларға жалпы тілге қойылатын талаптарды меңгерту, жаңа сөз үйрету, сөйлеу тәсілдеріне жаттықтыру, қоғам өмірінен, табиғат тіршілігінен тыс емес, осылармен тығыз бірлікте, сабақтаса жүргізіледі. Олай болса, тәрбиешілер тіл дамыту сабағын жоспарлағанда баланың өмірден алған әсерін, естіп, білгенін ұдайы ескеруге тиіс деп сөзін аяқтады.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе жаңа бағдарлама бойынша педагог мамандардың жұмысының нәтижесіне талдау жасау бойынша балабақша меңгерушісі С.Сағынбекқызы сөз алып- жаңа бағдарламаны іске асыруда ойын түрлерімен көбірек жұмыс жасау керектігін атап айтсам педагог балаға неің дұрыс ненің бұрыстығын, сыпайы және мейірімді болуды, дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді,, тыңдауды, түсінуді, саналы сөйлеуді, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді, қимыл қозғалыс ойындарын ойнауды, өзі ойнауды, ересектерге көмектесуді, еңбекқорлыққа, ата анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды іске асыру арқылы жүзеге асатындығына тоқталып өтті және осы бағдарлама бойынша жасаған жұмыстарының нәтижесін көріп бағасын берді.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе балалардың біліктілік деңгейлерінің монитогингін жаңа форматта әзірлеу дайындық бойынша балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова сөз алып 2023 жылғы балалардың аралық біліктілік деңгелерінің мониторингтің даярлау әдістерімен таныстырып, дайындау жолын экран арқылы көрсете отырып EXSEL форматта қабылданып бекітілетіндігін айтты.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі С.Сағынбекқызы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» 2023 жылы кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өтетіндігі туралы кестесімен ұжымды таныстырып және оған салатын құжаттарын тағыда қайта қарап пысықтауды тапсырды және бұл мәселеге асқан жауапкершіліпен қарау керектігін талап етті. Жоғарыда айтылған барлық мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Көркем әдебиет арқылы баланы таза сөйлеуге жаттықтыру жұмыстары одан ары жалғастырылсын.
2. Жаңа бағдарлама бойынша педагог мамандардың жұмысының нәтижесіне талдау жасау жұмысы дұрыс деп есептелсін.
3. Балалардың біліктілік деңгейлерінің монитогингін жаңа форматта әзірлеу дайындық жұмыстарының жүргізілуі қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. 2023 жылы кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өтуімізге байланысты оған дайындық жұмыстары күн тәртібінен түсірілмесін.

Меңгеруші:

Хатшы:



С. Сағынбек

Б.М. Сейткеримова

## **Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС**

### **Меңгеруші жанындағы кеңес ХАТТАМАСЫ №3**

**22.02.2023 жыл**

**Қатысқаны-10**

#### **Күн тәртібі**

1.4-5 жасар балалардың сөйлеу құзіреттілігін дамытудағы тәрбиешінің іс – әрекеті.

2.Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы туралы

3.Тамақтануды дұрыс ұйымдастыру сапасы туралы

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «4-5 жасар балалардың сөйлеу құзіреттілігін ойын арқылы дамытудағы тәрбиешінің іс – әрекеті» бойынша балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова мектеп жасына дейінгі кезеңдегі баланың сөйлеу үдерісінің дамуы психологтардың айтуы бойынша, бала қай тілде қарым – қатынас жасаса сол тіл шын мәнінде бала үшін ана тіліне айналады. Алдымен сөйлеудің дыбыстық жағы дамиды. Мектепке дейінгі кезеңнің соңында контексті сөйлеуге көшуге мүмкіндік болады. Бала тілдің грамматикалық жағын меңгеріп, үлкен сөздік қорын игереді. Ол оған оқып берген мәтінді қайталап айтып беруіне, суреттеменің мазмұнын баяндауға, айналасындағылармен көргенін, алған әсерін ұғындықты тілмен жеткізуіне мүмкіндік береді. Жалпы мектепке дейінгі кезеңде үлкендерге тиісті ауызша сөйлеудің барлық түрін меңгереді. Монолог сөйлеу, әңгіме айту дағдысы қалыптасады. Ол үлкендерге көргенін жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар сол нәрсеге байланысты өз алған әсерін де жеткізе біледі. Бала алдағы әрекеттің жоспарын құрып, міндеттерін орындау тәсілін талқылайды, сөздердің жаңа формаларын қолдану, ашық түрде айту, осы кезеңдегі балалардың қарым – қатынасының жаңа міндеттеріне байланысты. Бала тілін дамыту үшін жұмбақ шешу, ертегі айту, тақпақ жаттаудың маңызы зор. Бала 5 жастан бастап, әңгіменің мазмұнын өз бетінше құрастырып, айтып бере алады, соның нәтижесінде диалогты және монологты сөздік қоры дамиды. Тілдік материалдар негізінде байланысты сөйлеу ішкі сөйлеумен тығыз байланыста болады. 5 жастағы балалардың ойы тілдің қозғалуымен еріннің жыбырлауы және өз ойын сыбырлап сөйлеу арқылы жүзеге асады. Өйткені адам өзінің ойының мазмұнын жақсы біледі. Балалар үшін ішкі сөйлеу өте қысқа және икемді болады. Тәрбиешінің жасайтын іс-әрекеттері осы тұрғыда болуы керек деді.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы турал» бойынша балабақша меңгерушісі С.Сағынбек Мектеп жасына дейінгі балалардың жылдам дамитындығы байқалады. Баланың бойы өседі, салмағы, денесі өзгереді. Баланың жоғарғы жүйке жүйесінде үлкен өзгерістер болады. 5 жастағы баланың миы, ересек адамның миына ұқсайды.

Физиологиялық даму, баланың оқу үлгеріміне бірден-бір әсер етуші болып табылады. Баланың физиологиялық жағынан мектепке дайындығын, ағзаның негізгі функционалдық даму деңгейі мен оның жалпы денсаулығымен анықталады. Балабақшада баланың даму деңгейіне үлкен мән беріледі және баланың жеке даму картасы жүргізіледі Мектеп жасына дейінгі баланың физиологиялық жағынан дайындығын көрсететін негізгі көрсеткіштер:

Дене дамуының деңгейі, биологиялық дамуының деңгейі, денсаулық жағдайы.

Мектеп жасына дейінгі баланың даму кестесі, денелік, тілдік, танымдық дамуы оқуға деген жақсы, визуалды ұмтылысы болады, көптеген жағдайда саусақтарын құрал ретінде қолданады, олақ, асығыс сияқты көрінеді, асығыстық 5 жастағылардың негізгі ерекшелігі,тез шаршайды, жиі ауырады, таза ауаны, спорт алаңда болғанды ұнатады,- әлеуметтік, бірінші болғанды ұнатады, жарысқанды ұнатды,интузиазмға толы, мақтауды жақсы көреді, тілдік дамуы жұмыс жасағанды жақсы көреді,түсіндіргенді жақсы көреді, Айту және көрсету пайдалы, жиі арызданады, танымдық сұрақ қойғанды жақсы көреді, жаңа ойындар мен идеяларды жақсы көреді, бояғанды, сурет салғанды жақсы көреді,, танымдық дамуы, және оқуды жақсарттады, Ойын арқылы оқыту беріктеу модель болып табылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Ақерке баланың дамуы мен өсуі дұрыс тамақтануға тікелей байланысты, балалар мәзірінде жануарлармен өсімдіктерден алынған өнімдер болуы керек. Өнімдерді дұрыс таңдау оларды өңдеудің тиісті әдісі баланың денесін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етедіде тағамдық қоспалардың қажеттігін жоятын болады. 1-3 жасқа дейінгі балаға оған күніне орта есеппен 53 гр ақуыз,53рг май, жәннен 212гр көмірсулар қажет, ал 3-6 жасқа дейінгі балаға күніне орта есеппен 68 гр ақуыз, 68рг май, жәннен 272гр көмірсулар қажетекендігін атап өтіп, дұрыс тамақтан баланың жан жақты дамуының негізгі қажеттілігін айта келе дұрыс тамақтануды одан ары ұйымдастыруды ұсынды. Жоғарыда айтылған мәселелерді тыңда келе төмендегіше

Қаулы етті:

- 1.Қаралған бірінші және екінші мәселелер қанағаттандырылсын және аталған мәселелерге жауапты мамандар тапсырмаларды дер кезінде орындасын.
- 2.Тамақтануды дұрыс ұйымдастыру сапасы күн тәртібінен түсірілмесін.

Меңгеруші Р.Ш. Қаныбекова

Хатшы Б.М. Сейткеримова



Меңгеруші: Р.Ш. Қаныбекова

# Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС

## Меңгеруші жанындағы кеңес ХАТТАМАСЫ №4

28.04.2023 жыл

Қатысқаны-10

### Күн тәртібі

1. Қатынас білім беру саласы бойынша «Көркем әдебиет», «Сөйлеуді дамыту» балалардың жұмыстарын бағалау.
2. Күн тәртібінің орындалуы және топтардың санитарлық- гигиеналық жағдайы туралы.

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Қатынас білім беру саласы бойынша «Көркем әдебиет», «Сөйлеуді дамыту» балалардың жұмыстарын бағалау туралы балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова топтардағы ашық оқу қызметтеріне еніп «Көркем әдебиет», «Сөйлеуді дамыту» бойынша тоқталып өтті.Топтардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тәрбиешілер өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау, ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау яғни коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту,қазақ тілі, көркем әдебиет үйретуде алдына қойған мақсат міндеттері бойынша қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айтуды үйрету, таныс ертегілермен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын қайталап айтуды , сюжетті эмоцияналды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды, ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыруды, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап әңгімелесе білуге баулу, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулуды жүзеге асырып балалардың сөйлеуін дамыту жұмыстарын дұрыс жіргізе білгендігін айтып өтіп, оларға бағалау жұмыстары жүргізілді деді.

2. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе күн тәртібінің орындалуы және топтардың санитарлық- гигиеналық жағдайы туралы балабақша мейірбикесі ..... сөз алып әңгімесін тазалық денсаулық кепілі деген сөз бекер айтылмаған себебі санитарлық талапқа сай жұмыс жүргізілсе онда талаптың орындалғандығы деп есептеймін деді. Ол күн тәртібіндегі ұйымдастырылған іс-әрекеттердің орындалуы туралы сараптап шықты, балалардың көктемгі күн шуағына даладағы серуендеуі, топтарды желдету санитарлық талаптың ережесі бойынша балалар жоқ уақытта топтарды кварцтеу туралы тоқталып өтті. Серуеннен келген балалардың тазалық торларын пайдалануды ұмытпауы керектігін атап өтті. Жоғарыда айтылған мәселелерді тындай келе төмендегіше

## Қаулы етті

1.Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қанағаттанарлық деп табылсын.

Меңгеруші:  Х.Сағынбек

Хатшы:  С. Сейткеримова